

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЭКОЛОГИЯ, ГЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ТАБИҒИ РЕСУРСТАР
МИНИСТРЛІГІ**

«Қазгидромет» РМК



**Тау өзендері бойынша гидрометеорологиялық ақпараттар №80
(Жаңбыр генезисті сел қауіптілігінің күнделікті бюллетені)**

«26» тамызға 2022 ж.

(бюллетеннің әрекет ету аралығы «25» тамыз күні 21 сағаттан «26» тамыз күні 21 сағ. дейін 2022 ж.)

құрастырылған уақыты: 25.08.2022 ж.

Мекен жайы : Нұр-Сұлтан қ., Мәңгілік ел, 11/1
Алматы қ., Абай көшесі, 32

Кезекші синоптик:	Шартакбаева А.	тел.: 8(7172) 79-83-75	e-mail: ukpp@meteo.kz
Кезекші инженер-гидролог:	Молдағалиева А.	тел.: 8(7172) 79-83-94	e-mail: moldagalieva_a@meteo.kz
СҮЗСББ басшысы:	Яфязова Р.	тел.: 8(727) 267-64-87	e-mail: seli@meteo.kz

**2022 жылғы «26» тамызға
ҚР таулы аудандары бойынша ауа-райы болжамы**

Іле Алатау	Күндіз жауын-шашын (жаңбыр, сулы қар 1-3 мм). Солтүстік-шығыс желі 9-14 м/с. 2000 м: Ауа температурасы түнде 5-10 , күндіз 12-17 градус жылы. 3000 м: Ауа температурасы түнде 2 аяз - 3 градус жылы, күндіз 3-8 градус жылы.
Күнгеі Алатау	Күндіз жауын-шашын (жаңбыр, сулы қар 1-3 мм). Солтүстік-шығыс желі 9-14 м/с. Ауа температурасы түнде 4-9, күндіз 11-16 градус жылы.
Теріскей Алатау	Күндіз жауын-шашын (жаңбыр, сулы қар 1-3 мм). Солтүстік-шығыс желі 9-14 м/с. Ауа температурасы түнде 6-11, күндіз 13-18 градус жылы.
Жетісу Алатау	Күндіз кей жерлерде аздаған жаңбыр (0,0-0,9 мм). Оңтүстік-батыстан жел соғады, күші 9-14, кей жерлерде 15-20 м/с. 2000 м: Ауа температурасы түнде 0-5, күндіз 10-15 градус жылы. 3000 м: Ауа температурасы түнде 2 градус аяз-3 градус жылы, күндіз 8-13 градус жылы.
Қырғыз Алатау	Кей жерлерде жаңбыр (түнде және күндіз 2,0-5,0 мм), найзағай болады. Солтүстік-шығыстан жел соғады, күші 9-14, кей жерлерде 15-20 м/с. Ауа температурасы түнде 7-12, күндіз 22-27 градус жылы болады.
Талас Алатау (Жамбыл облысы)	Кей жерлерде жаңбыр (түнде және күндіз 2,0-5,0 мм), найзағай болады. Солтүстік-шығыстан жел соғады, күші 9-14, кей жерлерде 15-20 м/с. Ауа температурасы түнде 7-12, күндіз 22-27 градус жылы болады.
Талас Алатау (Түркістан облысы)	Жауын-шашынсыз. Солтүстік-шығыстан жел соғады, күші 8-13 м/с. Ауа температурасы түнде 6-11, күндіз 17-22 градус жылы.
Өгем жотасы	Жауын-шашынсыз. Солтүстік-шығыстан жел соғады, күші 8-13 м/с. Ауа температурасы түнде 10-15, күндіз 21-26 градус жылы.
Маңғыстау таулары	Жауын-шашынсыз. Жел шығыстан, оңтүстік-шығыстан соғады, күші 9-14 м/с. Ауа температурасы түнде 18-23, күндіз 30-35 градус жылы.
Сауыр	Жауын-шашынсыз. Жел солтүстік-батыс, солтүстіктен 9-14 м/с. Ауа температурасы түнде 2-7, күндіз 17-22, кей жерлерде 15 жылы.
Тарбағатай	Жауын-шашынсыз. Жел солтүстік-батыс, солтүстіктен 9-14, күндіз кей жерлерде 15-20 м/с. Ауа температурасы түнде 5-10, кей жерлерде 13, күндіз 25-30.
Қазақстандық Алтай	Жауын-шашынсыз. Жел солтүстік-батыс, солтүстіктен 9-14 м/с. Ауа температурасы түнде 3-8, кей жерлерде 13 жылы, күндіз 24-29, кей жерлерде 20 градус жылы.

2022 жылғы 25 тамыздағы жағдай бойынша Іле Алатауының таулы өзендеріне шолу

Өткен тәулікте Іле Алатауының таулы өзендерінде жауын-шашын әсерінен су деңгейінің шамалы ауытқуы байқалды. Кіші Алматы өзені – Сарысай және Медеу ГБ-де, Проходная өзені сағасында орналасқан ГБ-де 1 см-ге. Таулардағы температуралық фон 4°C-дан 15°C-ға дейінгі жылу диапазонында сақталады. Үлкен Алматы көлінің су деңгейі 1 см-ге көтерілді. Нөлдік изотерма теңіз деңгейінен 3709 м биіктікте орналасқан.

Білімқұмарлар үшін селдер туралы мәліметтер

Тарихи анықтама

1972 жылдың 27 тамызында Қазақ ғылыми-зерттеу гидрометеорологиялық институты (ҚазҒЗМИ) әлемде алғаш рет Шамалған өзенінің жоғарғы ағысында табиғи масштабта селдерді жасанды жолмен шығару бойынша эксперимент жүргізді. Экспериментті жүргізу қажеттілігі сел келтіретін зиянды азайту жөніндегі іс-шаралардың тиімділігіне әсер ететін қауіпті табиғи құбылыстың қалыптасу тетіктері туралы бірыңғай пікірдің болмауынан туындады. Балшық тасты селдер су ағынының борпылдақ жыныстармен әрекеттесуі кезінде пайда болмайды, бірақ сырғымалардың сұйылтылуы нәтижесінде пайда болады деп есептелді.



Экспериментке дайындық кезінде "Қазгеофизприбор" зауытының конструкторлық бюросында сел сипаттамаларын өлшеуге арналған түйіспесіз аспаптар, сел ошағына түсетін су ағынының шығынын реттеуге мүмкіндік беретін су өткізу құрылыстары ойлап табылып, дайындалды. ҚазҒЗМИ күшімен 3000 м биіктікте өзеннің жоғарғы ағысында су қоймасы құрылды.



Эксперименттер барысында шығыны 28 м³/с су ағыны шығыны 430 м³/с және сел массасының тығыздығы шамамен 2400 кг/м³ болатын балшық тас ағынына айналды. Жоғарғы суретте сел ошағына қарай жылжыған су ағыны көрсетілген Төменгі суретте-сел ошағынан шығар тұсындағы селдің алдыңғы бөлігі. Эксперименттердің нәтижелері сел туралы әлемдік ғылымға үлкен үлес қосты. Фильмді және осы эксперименттер туралы қысқаша сипаттаманы сілтемеге басу арқылы көруге және оқуға болады

<https://www.kazhydromet.kz/ru/selevedenie-str/chemolganskie-eksperimenty>

**Іле Алатауының таулы өзендерінің режимі туралы мәліметтер
2022 ж. "25" тамызға**

№	Өзен	Пункт	Биіктік, м	Ауа температурасы, °С			Жауын-шашын, мм		Су деңгейі, см		Су өтімі, м ³ /с			Тәуліктегі су деңгейінің өзгерісі (8 сағ.), см	Лай- лылық
				Макс. 24.08	Мин. 25.08	08 сағ. 25.08	Күн. 24.08	Түн. 25.08	Орт. 24.08	08 сағ. 25.08	Орт. 24.08	Макс. 24.08	08 сағ. 25.08		
1	К. Алматы	Мыңжылқы М	3017	11.7	4.4			4.8							*
2	К. Алматы	Мыңжылқы ГБ	3017			4.0			266	263	0.97	1.17	0.64	-1	*
3	К. Алматы	Тұйықсу а. ГБ	2466			5.0			611	610	1.30	1.48	1.11	0	*
4	К. Алматы	Шымбұлақ М	2200	16.4	7.4			4.1							*
5	К. Алматы	Сарысай ГБ	1928			12.0			271	270	2.33	2.58	2.20	+1	*
6	К. Алматы	Медеу ГБ	1700			12.0		1.0	110	107				+1	*
7	Батарейка	Просвещенец ГБ	1569			13.0			47	47	0.08	0.08	0.08	0	*
8	К. Алматы	Алматы қ. ГБ	1179			10.0		0.3	190	188	1.75	2.00	1.51	0	*
9	Бұтақ	Бұтақ ГБ	1475			14.0			244	244				0	*
10	Ү. Алматы	көл. 1.1 км жоғарыдағы ГБ	2654			6.0			324	319	6.77	8.62	4.55	-1	*
11	Ү. Алматы	Проходной ө. 2 км жоғарыдағы ГБ	1471			11.0			284	284				0	*
12	Құмбел	Устье ГБ	2150			9.0		3.0	70	70				0	*
13	Проходная	Устье ГБ	1422			10.0			280	280	2.07	2.12	2.12	+1	*
14	Терісбұтақ	Устье ГБ	1362			12.0			207	207	0.65	0.65	0.65	0	*
15	Қаскелең	Қаскелең ГБ	1133			15.0			284	284	5.33	5.33	5.33	0	*
16	Түрген	Таутүрген ГБ*	1054												
17	Есік	Есік қ. ГБ	1279			15.0			216	216				0	*
18	Талғар	Талғар ГБ	1199			13.0		0.4	312	311				+1	*
19	Үлкен Алматы көлі	Көлдің солтүстік жағалауында ГБ	2500	13.5	4.7	5.0			865	866				+1	*

Ескертпе:

* - деректер жоқ

Қазақстан аумағы бойынша жаңбыр генезисті сел қауіптілігі туралы Кеңес беру
«26» тамызға 2022 ж.

Облыстар	Сел қауіпті аудандар	Гидрометеорологиялық жағдай
Алматы	Іле Алатауы	Биік таулы аймақта қардың түсуіне байланысты маусымдық қар сызығы уақытша 3000 м-ге дейін төмендеді. Ауа температурасының салыстырмалы түрде төмен болуына байланысты мұздықтардың еруі баяулады. Топырақтың ылғалдануы критериалды мәннен төмен. Күндіз жауын-шашын (жаңбыр, сулы қар 1-3 мм). Гидрометеорологиялық жағдайлар жаңбыр генезисті селін қалыптастыруға ықпал етпейді.
	Күнгеі Алатауы	
	Теріскей Алатау	
Жетісу	Жетісу Алатауы	Ауа температурасының салыстырмалы түрде төмен болуына байланысты мұздықтардың еруі баяулады. Күндіз кей жерлерде аздаған жаңбыр (0,0-0,9 мм). Гидрометеорологиялық жағдайлар жаңбыр генезисті селін қалыптастыруға ықпал етпейді.
Жамбыл	Қырғыз Алатауы	Қар мен мұздықтардың еруі жалғасуда. Кей жерлерде жаңбыр (түнде және күндіз 2,0-5,0 мм), найзағай болады. Гидрометеорологиялық жағдайлар жаңбыр генезисті селін қалыптастыруға ықпал етпейді.
	Талас Алатауы	
Түркістан	Талас Алатауы	Жауын-шашынсыз. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ.
	Өгем жотасы	
Маңғыстау	Маңғыстау таулары	Жауын-шашынсыз. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ.
Абай	Тарбағатай	Жауын-шашынсыз. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ.
Шығыс Қазақстан	Сауыр	Қар мен мұздықтардың еруі жалғасуда. Жауын-шашынсыз. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ.
	Қазақстандық Алтай	